

Түсінік хат

Қазақстан тарихы пәні Отан тарихының түйінді мәселелерін ашып көрсетуге, және тарихи объективтілік, нақтылық және деректілік негіздерінде жалпы адамзаттық құндылықтарға сүйене отырып, тарихи оқиғаларды салыстырып оған баға бере білуге, бұрынғы өткен және қазіргі фактілерді талдауға мүмкіндік беруге үлкен рөл атқаруы тиіс.

Пәнді оқытудың мақсаты – оқушылардың өз елінің тарихын оқып білу арқылы белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру.

«Қазақстан тарихы» курсының негізгі міндеттері:

- адамзаттың тарихи дамуының негізгі кезеңдері және оның әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибелері туралы білімді меңгеру;
- жеке тарихи проблемаларды зерттеушілердің түрлі көзқарастарын талдау арқылы тарихи деректермен түрлі ақпараттарды зерттеуге, оларға сыни қарап және өз бетінше жауап іздей білуге деген ынтасын арттыру.
- өз елінің тарихы мен мәдениетін білу арқылы жанашыры, саналы азаматы болуға баулу.
- әлемдік тарихи үдерістің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстанда адамзат қоғамының даму тарихы туралы білімін қалыптастыру;
- оқушылардың тарихи білімдерді қорытындылап, себеп-салдарлық байланыс орнатып, тарихи оқиғалар, құбылыстарды дербес талдай білу, қоғамдық құбылыстарға өзіндік көзқарастарын білдіру, күнделікті өмірде білімін қолдана білу дағдыларын дамыту;
- тарихи деректермен жұмыс жасай білу және тарихи білімдерін шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстырмалы талдау арқылы ой елегінен өткізуге дағдыландыру;
- жас жеткіншектердің Отаны мен халық алдында жауапкершілікті сезінетін азаматтық позициясын қалыптастыру;
- еліне қызмет етуге дайын отансүйгіш, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін және Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтардың тарихы мен мәдениетін құрметтейтін белсенді азамат тәрбиелеу;
- қазақстандық діл (менталитет) негізінде тұлғаның әлеуметтенуіне ықпал ету.

Тақырыптық жоспар

<i>Сабақ № № урока</i>	<i>Бөлімдер мен тақырыптардың аттары Наименование разделов и тем</i>	<i>Сағаттар саны Количество часов</i>	<i>теория</i>	<i>практика</i>
I Бөлім. Ерте дәуірдегі Қазақстан.				
1	Кіріспе. Қазақстан тас дәуірінде.	2	2	
2	Қола дәуіріндегі Қазақстан.	2	2	
3	Темір дәуіріндегі Қазақстан.	2	2	
4	Қазақстан аумағындағы ертедегі мемлекеттер.	2	2	
II Бөлім. Қазақстан аумағындағы VI – XV ғасырлардағы мемлекеттер.				
5	Көне түркілер, түрік қағанаттары.	6	4	2
6	Қазақстан даласы Монғол шапқыншылығы дәуірінде.	4	2	2
III Бөлім. Қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы.				
7	Қазақ халқының қалыптасуы.	2	2	
8	Қазақ хандығының қалыптасуы мен дамуы	2	2	
9	Қазақ хандары.	2		2
IV Бөлім. Қазақ жеріндегі көшпелілер өркениеті.				
10	Көшпелілер өркениеті.	4	2	2
V Бөлім. Қазақстан Ресей империясының құрамында.				
11	XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси жағдайы.	2	2	
12	Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Реформалар.	4	4	

13	Ресей патшасының Қазақстанда жүргізген көшіп-қондыру саясаты.	2	2	
VI. Бөлім. Қазақ халқының патшалық Ресейдің отарлық үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық күрестері.				
14	XVIII-XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстар.	6	4	2
15	1916 жылғы Қазақстандығы ұлт-азаттық көтеріліс.	2	2	
VII Бөлім. Қазақстандығы XX ғасыр басындағы саяси экономикалық жағдай.				
16	Ресейдегі 1900 – 1920 жылдардағы саяси экономикалық жағдайдың Қазақстанға әсері.	2	2	
17	Қазақстан өлкесіндегі XX ғасыр басындағы саяси партиялар мен ұлттық автономиялар.	2	2	
18	Шетелдік интервенция және азамат соғысы кезіндегі Қазақ өлкесі.	4	4	
19	Әміршіл – әкімшіл жүйенің қалыптасуы.	4	2	2
VIII Бөлім. КСРО кезіндегі Қазақстандағы Коммунистік партия қызметі, саяси құғын-сүргін және халықтар депортациясы.				
20	Қазақстандағы Коммунистік партия мен комсомол ұйымдары.	2	2	
21	XX ғасырдағы саяси-құғын кезеңдері және Қазақстанға басқа халықтарды депортациялау.	2	2	
IX Бөлім. Қазақстан Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі кезеңінде.				
22	Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында.	4	2	2
X Бөлім. XX ғ. екінші жартысындағы Қазақстан.				

23	1950 жылдардағы Республикадағы қоғамдық-саяси өмір.	2	2	
24	Тоқырау жылдарындағы Қазақстан.	2	2	
25	XX ғасырдың 50-80 жылдарындағы толқулар және көтерілістер.	2	2	
XI Бөлім. Тәуелсіз Қазақстан.				
26	Қазақстанның саяси жүйесіндегі өзгерістер.	2	2	
27	Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық дамуы.	2	2	
<i>Раздел XI. Казахстан и Всемирное общество</i>				
28	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы.	2	2	
29	Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.	2	2	
30	Тәуелсіз Қазақстанның білім, ғылым және мәдениеті.	2	2	
	Всего	80	66	14

Оқу пәнінің мазмұны

I Бөлім. Ерте дәуірдегі Қазақстан.

2.1. Кіріспе. Қазақстан тас дәуірінде.

Тас ғасырын дәуірлерге бөлу. Адамның пайда болуы және оның даму эволюциясы. Алғашқы адамдардың әлеуметтік өміріне сипаттама. Палеолит, мезолит, неолит, энеолит дәуірлері кезеңіндегі Қазақстан. Неолиттік төңкеріс. Ботай мәдениеті. Тас дәуіріндегі Қазақстанның археологиялық ескерткіштері. Өнер және діни наным-сенімдер.

2.2. Қола дәуіріндегі Қазақстан.

Қола дәуіріне сипаттама. Андронов мәдениеті (жалпы сипаттамасы және оның кезеңдері). Орталық Қазақстан – ертедегі металлургия орталығы. Қола дәуіріндегі Шығыс, Солтүстік, Батыс, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу. Кейінгі қола дәуіріндегі Беғазы-Дәндібай мәдениеті: өндірістік шаруашылықтың дамуы, мал шаруашылығы мен егіншілік. Қола дәуіріндегі қоныстар, обалар және жерлеу дәстүрі. Қола дәуіріндегі әлеуметтік дифференциация.

2.3. Темір дәуіріндегі Қазақстан.

Темір дәуірінің ерекшеліктері. Жазба деректердегі ежелгі Қазақстан тарихы: тайпа одақтары мен ежелгі мемлекеттік бірлестіктер. Қазақстандағы ерте темір дәуіріндегі сақ тайпалары (хаомоварга, тиграхауда, парадарайя, аримаспылар және т.б.), сармат тайпалары. Шаруашылық түрлері, ертедегі металл өндірісі, зергерлік өнер, қыш өндірісі. Әлеуметтік құрылымы және идеологиясы. Скиф үштағаны (триадасы), «Аң стилі».

2.4. Қазақстан аумағындағы ертедегі мемлекеттер.

Ұйсын мемлекеті мен қаңлылардың саяси тарихы, шаруашылығы, мәдениеті. Сырдария бойындағы археологиялық ескерткіштер. Б.з.д. III-I ғасырлардағы ғұндар тайпалары, көршіліермен қарым-қатынасы. Ғұндар және халықтардың ұлы қоныс аударуы. Ғұндардың Қазақстанға қоныс аударуы, көшпелі мал шаруашылығы, егіншілік, әлеуметтік құрылысы, материалдық мәдениеті. Ғұндар Еуропада, Аттила.

II Бөлім. Қазақстан аумағындағы VI – XV ғасырлардағы мемлекеттер.

3.1. Көне түркілер, түрік қағанаттары.

Түркі халықтарының түп төркіні, түрік қағанаты (құрылуы, дамуы, ыдырауы). Батыс-түрік қағанаты, түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ мемлекеттері. Қарахан мемлекеті, қарақытайлар, наймандар, керейлер, қыпшақтар. Мемлекеттердің саяси тарихы, этникалық құрамы, мемлекеттік құрылысы және шаруашылығы. Экономикалық, сауда, мәдени байланыстары.

3.2. Қазақстан даласы Монғол шапқыншылығы дәуірінде.

Монғолдардың Қазақстан жерін жаулап алуы. Отырардың күйреуі. Монғол шапқыншылығының зардаптары. Жошы-Қыпшақ ұлысы державасы (Алтын Орда). Ақ Орда, Ноғай Ордасы (Манғыт жұрты). Моғолстан, көшпелі өзбектер мемлекеті (Әбілхайыр хандығы). Дешті-Қыпшақ. Мемлекеттердің саяси тарихы, этникалық құрамы, мемлекеттік құрылысы және шаруашылығы.

III Бөлім. Қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы.

4.1. Қазақ халқының қалыптасуы.

Қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы. Қазақ халқының антропологиялық бет-бейнесі, типі және тілдік сипаты. «Этнос», «этногенез», «этноним» ұғымдарының мазмұны. «Қазақ» этнонимі. Этносаяси аумақтық тұтастық. Қазақ жүздері, ру-тайпалық құрамы.

4.2. Қазақ хандығының қалыптасуы мен дамуы

Қазақ хандығының қалыптасуының алғы шарттары, барысы, аумағы. Қазақ жұртының өзбек ұлысынан бөлінуі. Қазақ хандығының құрылуы және саяси тарихы. Керей мен Жәнібек хандар – қазақ мемлекетінің негізін қалаушылар. Қазақ хандығы туралы жазба дерек Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегі. Қазақ хандығының нығаюы. Қазақ хандығының 550 мерей тойы қарсаңындағы туындаған тарихи тың мәліметтер.

4.3. Қазақ хандары.

Қазақ хандары хронологиясы. Қасым хан тұсындағы қазақ хандығы. Есім ханның ескі жолы. Тәуке ханның саясаты. Қазақ хандары ұстаған саясаттың негізгі бағыттары. Хандықтың мемлекеттегі басқару жүйесі, әлеуметтік құрылымы.

«Ақсүйек» және «қарасүйек» институттары, салықтар мен міндеткерліктер түрлері. «Жеті жарғы». Қазақ қоғамындағы мүлдітік және әлеуметтік айырмашылықтар.

IV Бөлім. Қазақ жеріндегі көшпелілер өркениеті.

4.4. Көшпелілер өркениеті.

Көшпеліліктің шығу тегі. Көшпелілердегі қоғамдық қатынастар. Әлеуметтік жіктелу. Қоғамдағы түрлі топтар қызыметі. Көшпелі қоғамның өзіне тән шаруашылық жүргізу әдістері, әскери-демократиялық басқару жүйесі. Көшпелі және отырықшы өркениеттер арасындағы байланыс. Қалалар-көшпелі және отырықшы өркениеттерді жалғастыратын, жақындастыратын көпір.

V Бөлім. Қазақстан Ресей империясының құрамында.

5.1. XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси жағдайы.

XVII ғасырлардағы қазақ-жоңғар қатынастары, жоңғарлардың қазақ жеріне басып кіруі. «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама жылдары». Жоңғар шапқыншылығына қарсы Бұланты және Аңырқай шайқастары. Азаттық соғыстың жеңіспен аяқталуына үлес қосқан ұйымдастырушылар (Әбілқайыр, Абылай хандар, батырлар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, билер: Төле Әлібекұлы, Қазыбек Келдібекұлы, Әйтеке Бәйбекұлы және Бұқар жырау). Қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің тарихи маңызы.

5.2. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Реформалар.

Әбілқайыр хан саясаты. Тевкелев елшілігі. Ресейдің отарлау шаралары. Кіші жүздің Ресейге өтуі. Хандық биліктің жойылуы. Қазақ жерлерін біріктіру мақсатындағы Абылай хан саясаты. XIX ғасырдағы патшалық Ресейдің реформалау саясаты: 1822 ж «Сібір қырғыздары туралы Жарғы». Генерал-губернаторлықтар. 1867-1868 жылдардығы «Уақытша ережелер», 1886, 1891 жылдардағы «Басқару туралы Ережелер». Реформалардың отарлық мәні.

5.3. Ресей патшасының Қазақстанда жүргізген көшіп-қондыру саясаты.

Патшаның қоныстандыру саясатының кезеңдері (үш кезең). 1861ж Ресейдегі басыбайлылықтың жойылуы және оның Қазақстанға әсері. Жетісуға ұйғырлар мен

дұңғандардың қоныс аударуы. Столыпиннің аграрлық реформасы және қоныстандырудың жаңа кезеңі. Қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алу, қоныстандыру саясатының зардаптары.

VI. Бөлім. Қазақ халқының патшалық Ресейдің отарлық үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық күрестері.

8.1. XVIII-XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстар.

Кіші жүз қазақтарының Сырым Датұлы басшылығымен болған көтерілісі. (1783-1797ж). Сырым Датұлы – көрнекті қайраткер, көтеріліс басшысы. Көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, кезеңдері және оқиғалары, жеңілу себептері және қорытындылары. Тарихи маңызы.

Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы (1836-1838ж). Көтерілістің себептері, негізгі оқиғалары. Тастөбе, Ақбұлақ шайқастары. Көтерілістің жеңілу себептері, тарихи маңызы.

Кенесары Қасымұлы (1837-1847ж) бастаған көтеріліс. Көтерілістің басталуы, кезеңдері және оқиғалары. Кенесары хандығы. Патша өкіметінің көтерілісті басын – жаншуға жасаған әрекеті, азаттық жолындағы қозғалыстың жеңілу себептері. Қ.Қасымұлы бастаған ұлт- азаттық қозғалысының тарихи маңызы.

8.2. 1916 жылғы Қазақстандығы ұлт- азаттық көтеріліс.

Көтерілістің алғы шаттары, негізгі ошақтары. Патша өкіметінің жазалаушы әскерінің бейбіт халыққа көрсеткен зорлық – зомбылықтары. Жазалаушы жасақтар. Көтерілісті ұйымдастырушылар-А. Иманов, Әбдіғафар Жанбосынов, Бекболат Өшекеев, Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов, Кейкі Көкімбайұлы т.б. Көтерілістің жеңілу себептері, зардаптары, тарихи маңызы.

VII Бөлім. Қазақстандығы XX ғасыр басындағы саяси экономикалық жағдай.

7.1. Ресейдегі 1900 – 1920 жылдардағы саяси экономикалық жағдайдың қазақстанға әсері.

Патша үкіметінің аграрлық саясаты. Қазақстанның бүкілресейлік нарыққа ықпалдасуы, сауданың дамуы, жәрмеңкелер, темір жолдардың салынуы. 1905-

1907жж Ресейдегі буржуазиялық – демократиялық революцияның қазақ өлкесіне әсері. Мемлекеттік дума және қазақтар. Алаш қозғалысы. Қазақ халқының саяси сана сезімінің өсуі. Ақпан революциясы және Қазақстандағы саяси өмір. Қос үкімет. 1917 жылғы қазан революциясы. Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнауы («Үш жүз партиясы»). «Ақ және қызыл террор».

7.2. Қазақстан өлкесіндегі XX ғасыр басындағы саяси партиялар мен ұлттық автономиялар.

XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық – саяси қозғалыстар. «Үш жүз» “Ислам жолындағы кеңес ” (Шуро –и-Ислами), «Алаш» партиялары және олардың қызметі. Алаш үкіметінің құрылуы. «Алаш» автономиясы. Қоқан автономиясының құрылуы және «Түркестани мухтариат» үкіметі. Саяси баспасөз. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы ұлттық зиялылар тобы және ұлттық – демократиялық қозғалыстар. Саяси тұлғалар – Ө.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Шоқай.

7.3. Шетелдік интервенция және азамат соғысы кезіндегі қазақ өлкесі.

Шетелдік интервенция және азамат соғысы. Қазақ өлкесіндегі майдандар. «Әскери коммунизм» саясаты. Жер мен өнеркәсіп кәсіпорындарын мемлекеттік меншікке алу. Кеңес үкіметінің күш қолдану шаралары (азық – түлік салғырты, еңбек міндеткерлігі, азық - түлікті реквизициялау т.б.). Қазақ АКСР-нің құрылуы. Қазақ жерлерінің АКСР құрамына біріктірілуі және ондағы қазақ зиялыларының қызметі.

«Әскери коммунизм» саясатының экономикалық салдары. 1921 жылғы жұт және ашаршылық. Жер – су реформасы. «Жаңа экономикалық саясат » және оны Қазақстанда жүзеге асырылу тәжірбиесі. ЖЭС-ты тоқтату және оның қорытындылары. Қазақстан өнеркәсібін дамытудың жаңа кезеңі.

7.4. Әміршіл – әкімшіл жүйенің қалыптасуы.

Индустрияландыру бағыты және оны жүзеге асырудағы туындаған қиындықтар, жетістіктер. Түркісіб темір жол магистралы.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру. Қазақ қоғамын таптық негізінде жіктеу. Ауыл шаруашылығын құрудың Сталиндік – Голощекиндік үлгісі. «Кіші Қазан». Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру (седентаризация). Қазақ зиялы қауымның «Кіші Қазан» саясатына қарсы күресі. «Қазақ ұлтшылдарын» жазалау.

Қазақстандағы жаппай ұжымдастырудың әлеуметтік – экономикалық зардаптары. 1930-1932 жылдардағы ашаршылық.

1929-1930 жылдардағы көтерілістер, олардың қмтыған аймақтары, басшылары. Кеңес үкіметінің қозғалыстарды қатыгездікпен басып – жаншуы, қарапайым халықтың көрші республикаларға және шетелдерге қоныс аударуы. Қазақтардың атамекенінен көшу бағыттары.

VIII Бөлім. КСРО кезіндегі Қазақстандағы Коммунистік партия қызметі, саяси құғын-сүргін және халықтар депортациясы.

9.1. Қазақстандағы Коммунистік партия мен комсомол ұйымдары.

Кеңес Одағы Коммунистік партиясының құрылуы, оның мақсаты мен міндеттері. Қазақстан Коммунистік Жастар Одағы және пионер ұйымы тарихы. Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның Қазақ КСР-сы болып өзгеруі. Қазақстан –КСРО-ның құрамдас бір бөлігі. Коммунистік партияның әміршіл басқару жүйесі. Директивалық бұйрықтар. Қазақстан Коммунистік партиясының басқару жүйесіндегі тоқыраудың көріністері.

9.2. XX ғасырдағы саяси –құғын кезеңдері және Қазақстанға басқа халықтарды депортациялау.

Тоталитарлық жүйенің орнауы. 1920-1930 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы құғын-сүргін, оппозицияны қырып-жою. 1937-1938 жж. Жаппай құғын-сүргін. ГУЛАГ жүйесіндегі Қазақстан, Қазақстан аумағындағы «еңбекпен түзеу» лагерлері (Степлаг, Карлаг, АЛЖИР және т.б). 1940-1950 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы құғын-сүргін, «Хрущев кезеңіндегі» және тоқырау жылдарындағы ғылым және шығармашылық зиялы қауым өкілдерін құдалау. Е.Бекмаханов, Қ.Сәтбаев т.б. Қазақстанға халықтарды депортациялаудың негізгі кезеңдері. 1930 және 1940 жылдары Қазақстанға халықтарды депортациялау. Екінші дүниежүзілік соғыстың халық санына тигізген әсері. Тың жерлерді игерудің Қазақстандағы демографиялық жағдайға әсері. 1975 ж «АЗиЯ» о.Сүлейменов.

IX Бөлім. . Қазақстан Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі кезеңінде.

10.1. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында.

Қазақстан – майдан арсеналы. Экономиканың әскери мағдайға өтуі. Өнеркәсіп орындарының Қазақстан аумағына көшірілуі. Соғыс жылдарындағы құрылыстар. Жеңіс қоры. Ерлік көрсетуші дивизиялар. Б.Момышұлының сұрапыл жылдар туралы естеліктері. Қазақстандықтар-Кеңес Одағының қаһарман батырлары. Қазақстандықтардың ұлы Жеңіске қосқан үлестері. Соғыс мұқтаждықтарын қамтамасыз қамтамасыз ету шаралары. Қазақтардың партизан қозғалыстарына қатысуы. Соғыстан кейінгі жылдардағы бейбіт құрылысқа көшу. Қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру бесжылдығы.

X Бөлім. XX ғ. екінші жартысындағы Қазақстан.

10.1. 1950 жылдардағы Республикадағы қоғамдық-саяси өмір.

Қазақстандағы әскери-өндірістік кешен. Семей жеріндегі ядролық сынақтар. «Байқоңыр» ғарыш айлағы. Н.Хрущевтің аграрлық саясаттағы «жаңа бағыты» және оның Қазақ КСР-да жүзеге асырылуы. «Жылымық» жылдары. Тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру және оның экологиялық зардаптары.

10.2. Тоқырау жылдарындағы Қазақстан.

60-шы жылдардағы шаруашылық реформалары және олардың тағдыры. (1962-69 ж). 1960-1980 жылдар арасындағы өнеркәсіптің дамуы. Д.А.Қонаевтің қызметі және қол жеткен жетістіктері. Жоспарлы экономиканың және экстенсивті шаруашылық әдісінің зардаптары. Арал қасіреті.

10.3. XX ғасырдың 50-80 жылдарындағы толқулар және көтерілістер.

1959 жылғы Теміртау қаласындағы болған оқиғалар. 1979 жылы Ақмола және тағы басқа қалаларды болған ереуілдер мен толқулар. М.С.Горбачев саясатының ұрандары.

1986 жылғы Алматы қаласындағы Желтоқсан көтерілісінің себептері, басталуға түрткі болған сылтау, көтерілістің сипаты, қозғаушы күштері. Жастардың бейбіт шеруін басып-жаншу. Желтоқсан көтерілісінің салдары, көтерілістің жас батырлары (Қайрат Рысқұлбеков және тағы басқалар). 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы. 1989 жылғы Жаңаөзен қаласындағы наразылық. «Невада-Семей қозғалысы».

XI Бөлім. Тәуелсіз Қазақстан.

12.1. Қазақстанның саяси жүйесіндегі өзгерістер.

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жөніндегі» декларацияның қабылдануы. КСРО-ның ыдырауы, ТМД-ның құрылуы. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің жариялануы. Мемлекеттік рәміздер, мемлекеттік егемендік пен президент институтының нығаюы. Қазақстан Республикасының басқару формасы және билік тармақтары. Конституциялардың қабылдануы 1993 28.01, 1995 31.08. Қазақстан Республикасының Конституциясы – саяси әлеуметтік тұрақтылықтың негізі. Қоғамдық қозғалыстар және саяси партиялар.

12.2. Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық дамуы.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыруының негізгі кезеңдері, ғасырлар тоғысында (1998-2001 жж) экономиканың тұрақталуы. Инвестициялық саясат және Қазақстандағы шетелдік инвестициялар, кәсікерліктің дамуы, шағын және орта кәсіп. Қазақстанның әлемдік экономикаға ықпалдасуы, әлемдік қаржы дағдарысы және Қазақстан экономикасын тұрақтандыру шаралары. «Бизнестің жол картасы- 2020» бағдарламасының міндеттері және бағыттары.

XII Бөлім. Қазақстан және дүниежүзілік қауымдастық.

12.3. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы.

Қазақстан Республикасының халықаралық деңгейде танылуы. Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі сипатты белгілері. Қазақтардың тұңғыш дүниежүзілік бас қосуы. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайлары. Қазақстан және әлемнің жетекші мемлекеттері, көпвекторлы сыртқы саясат. Қазақстан – дүниежүзілік беделді ұйымдардың мүшесі, Қазақстан – бүкіл әлемдік қоғамдастық төрағасы (ЕЫҚҰ), (ИҚҰ).

12.4. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.

«Қазақстан-2030» - Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді бағдарламасы. Елбасы жолдаулары. «Еуропаға жол» бағдарламасы. Н.Ә.Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Н.Ә.Назарбаев және Еуразия идеясы. Екінші, үшінші дүниежүзілік қазақтар құрылтайы. «Нұрлы көш» мемлекеттік

бағдарламасының қабылдануы. Президент Н.Ә.Назарбаев еңбектері. «Астана – Қазақстан Республикасының жаңа Елордасы», жаңа астананы аустырудың тарихи маңызы. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы – елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы. «Қазақстан – 2050» стратегиясы ұзақ жылдарға арналған басым мақсат. Жаңа экономикалық саясат «Нұрлы жол» - 30 дамыған ел қатарына кіру қадамы. Қазақ елінің Ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел». Елбасының 15.12.14 ж «Тәуелсіздік толғауы» - Қазақстан Ортаазиялық кеңістіктегі Еуропаланған модернизацияланған ел.

12.5. Тәуелсіз Қазақстанның білім, ғылым және мәдениеті.

Қазақстан республикасының «Білім туралы», «Тіл туралы» заңдарының қабылдануы. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы. Қазақстан Республикасындағы «Мәдени мұра – 2004-2006» бағдарламасы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/Жолдасбаев С.-өнд., толықт., 2-бас.-Алматы: Мектеп, 2010
2. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/Т.Тұрлығұл, С.Жолдасбаев, Л.Қожакеева, Г.Жусанбаева.-өнд., толықт., 2-бас.-Алматы: Мектеп, 2011
3. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/Т.Тұрлығұл, С.Жолдасбаев, Л.Қожакеева, Г.Жусанбаева.-өнд., толықт., 3-бас.-Алматы: Мектеп, 2015
4. Тұрмашева Б.К., Берманова С.Т./Қазақстан тарихы: тірек конспектілер, кестелер, сызбалар, тестілер, тапсырмалар (оқушыларды ҰБТ-ға дайындау құралы) – Астана: Фолиант, 2014
5. Қасымбаев Ж., Омарбеков Т.Қазақстан тарихы.-Алматы: Мектеп, 2016
6. Көпекбай Ә., Воронянская О. Қазақстан тарихы. Әдістемелік нұсқау.- Алматы: Мектеп, 2016
7. Боранбекова Б.А. Орта ғасырлар тарихы (v ғасырдың екінші жартысы), А.: Фолиант, 2013
8. Артыкбаев Ж.О. Қазақстан тарихы. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық. А.: Фолиант, 2013
9. Төлеубаев Ә., Қасымбаев Ж., Қойгельдиев. Қазақстан тарихы. А.: 2014

Практикалық сабақтарының тақырыптары

Дамыған ортағасырлар кезеңдегі мемлекеттер (X-XIIIвв)

Қазақстандағы XIV-XV ғасырлардағы ортағасырлық мемлекеттер

Қазақ хандары

Көшпелілер мәдениеті.

Кенесары Қасымұлы (1837-1847ж) бастаған көтеріліс.

Әміршіл – әкімшіл жүйенің қалыптасуы.

Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында.

